

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/897 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 қарашада № 12249 болып тіркелді

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман Кодексінің 79-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 7 қазандағы
№ 18-02/897 бұйрығымен
бекітілген

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидалары

1. Негізгі ережелер

1. Осы Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 79-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Пайдалану және орнын ауыстыру:

1) тұқымдар мен отырғызу материалын – ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезінде тұқымдар мен отырғызу материалын пайдаланудың географиялық және экологиялық таралу аймағы (ауыстыру шекарасы) регламенттелетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 19 наурыздағы № 25-02-02/110 «Орман тұқымдарын аудандастыруын бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7581 тіркелген) қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады;

2) отандық тұқымдар мен отырғызу материалын – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығына 8-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12032 тіркелген) сәйкес нысан бойынша карантиндік сертификаттары болған жағдайда жүзеге асырылады;

3) импорттық тұқымдар мен отырғызу материалын – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығына 3-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12032 тіркелген) сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификаттары болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Импорттық тұқымдар мен отырғызу материалы интродукциялық-карантиндік тұқымбақтарда карантиндік объектілермен және басқа да аса қауіпті зиянды организмдермен жасырын залалданудың бар-жоғына тексерілуге жатады.

2. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдарды пайдалану мен олардың орнын ауыстыру тәртібі

4. Пайдалануға рұқсат етілген тұқымдар жаппай өсіп-өнуін ынталандыру және олардың топырақтағы өнгіштігін арттыру мақсатында себу алдындағы дайындаудан ө т е д і .

5. Тұқымдарды себу алдындағы дайындаудың мынадай тәсілдері қолданылады:

стратификация (қар шашу), тұқымдардың сыртқы жамылғысына механикалық, жылу және химиялық әсер ету, тұқымдарды микроэлементтермен және өсу стимуляторларымен өңдеу, дыбыспен, ультрадыбыспен және магнитпен сәулелендіру, тұқымдарды дезинфекциялау және дезинфекциялау.

6. Тұқымдарды себу алдындағы дайындаудың негізгі тәсілі стратификация болып табылады.

7. Себуге арналған орман тұқымдарын стратификациялау арнайы үй-жайларда, тоңазытқыштарда, жертөлелерде, ұраларда немесе траншеяларда жүргізіледі (жылы стратификация тұқымының түріне байланысты +10 градустан +35⁰С дейін, салқын стратификация 0 градустан +7⁰С дейін, сирек +10⁰С).

8. Стратификациялаудың ұзақтығы орман тұқымдарының физиологиялық тыныштығының терең сипат алуына, орман тұқымдарының өсіп-өнуін тежейтін басқа да факторлардың болуына байланысты.

9. Орман тұқымдарын стратификациялауды себуге бір-екі күн қалғанда тоқтатады. Бұл ретте қабығы жарылған орман тұқымдарын сусымалы күйге жеткізіп кептіреді және елейді.

10. Тұқымдарды себу алдында дайындау ерекшеліктері тұқымдылықтарға байланысты осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

11. Тиеу, тасу және түсіру кезінде тұқымдар механикалық әсерлерге ұшырамауға және суланбауға тиіс.

12. Тұқымдардың орнын ауыстыру (тасымалдау кезінде бүлінбеуі үшін оларды құрғақ күйге жеткізіп (12-15% ылғалдылық) кептіреді және нығыздап салмай бес қабатты қағаз немесе мата қаптарға, ағаш жәшіктерге және басқа ыдыстарға салады. Ыдысқа салынған тұқымның бір орнының массасы 50 килограммнан аспауға тиіс.

13. Ыдыстың әрбір орны тұқымдардың түр атауы, массасы, күні, жөнелтуші мен алушы ұйымдарының атаулары мен мекенжайлары көрсетілген ішкі және сыртқы заттаңбалармен жабықталады.

14. Себу орнына немесе көлік құралдарына тиеуге жеткізілген тұқымдар оларды пайдалану немесе жөнелту сәтіне дейін қалқа астында немесе жабық платформаларда сақталады.

3. Отырғызу материалын пайдалану мен оның орнын ауыстыру тәртібі

15. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезінде отырғызу материалын пайдалану мен оның орын ауыстыруға отырғызу материалын өсірген орман тұқымбағының иесі беретін отырғызу материалының паспорты болған кезде жол беріледі.

16. Отырғызу материалының паспорты отырғызу материалын қабылдау актісінің негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

17. Ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін пайдаланатын отырғызу материалын сапасы мен саны бойынша орман иеленушінің немесе орман пайдаланушының тұқымбақтарында қабылдауды барлық қазып алынатын алаңда жылына екі рет көктемгі және күзгі отырғызу материалын қазып алу алдында комиссия жүзеге асырады, оның құрамында:

1) тұқымбақтың өкілдері (тұқымбақ бастығы немесе орман дақылдарының инженері)

2) карантиндік қадағалау қызметінің өкілі;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық органының өкілі болады.

18. Отырғызылатын материал партиялармен қабылданады. Бірдей жағдайларда өсірілген, бір тұқымды, бір жастағы және шығу тегі бір екпе көшеттердің, тікпе көшеттердің кез келген мөлшері партия болып есептеледі.

19. Орман иеленуші және орман пайдаланушы ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін өсірген немесе сатып алған отырғызу материалы осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген талаптарға сай келуі тиіс.

20. Тамыр жүйесі ашық екпелер, көшеттер және қысқы (сүректенген) қалемшелер көктемгі және күзгі кезеңдерде ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін пайдаланылады.

21. Тамыр жүйесі жабық екпелер мен көшеттерді (топырақ кесегімен) тамыр жүйесін кеуіп қалудан сақтау шартымен жыл бойы отырғызуға болады.

22. Отырғызу материалының орнын ауыстыру (тасымалдау) көліктің барлық түрімен жүзеге асырылады, оларда діндері, бұтақтары және тамыр жүйесі бүлінбейтіндей етіп отырғызу материалын біркелкі орналастыру қамтамасыз етіледі.

23. Отырғызу материалын тасымалдау кезінде:

1) оларды бумалап байлайды, саңылауы бар жәшіктерге, қаптарға және себеттерге салады;

2) тамыр жүйесінің кеуіп қалуына жол бермеу мақсатында олардың бетіне ылғалды ағаш ұнтақтары, қар, сабан немесе қамыс төсейді.

24. Тиеу, тасу және түсіру кезінде отырғызу материалына механикалық зақым келмеуі тиіс.

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидаларына 1-қосымша

Тұқымдарды тегіне байланысты себу алдындағы дайындаудың ерекшеліктері

--	--	--	--

№	Тегі	Тұқымды себуге дайындау тәсілдері		Тұқымдардың өсу қуатын және олардың жердегі өнгіштігін ынталандыру үшін дайындау әдістері
		күзгі	көктемгі	
1	2	3	4	5
1	Кәдімгі өрік	Тұрақты аяздарға екі ай қалғанда себілсе стратификацияланбайды. Күз аяғында себілсе, жиналған сәттен бастап жазғы траншеяларда немесе үй-жайларда құм салынған жәшіктерде стратификациялайды	3-5 °С температурада дымқыл құм салынған жәшіктерде 90-100 күн бойы немесе қыста тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды	Тұқымды температурасы 35 °С суда жібітеді, үшінші тәулікте температурасы 16-18°С су құяды. Содан кейін температурасы 30-35°С үй-жайларда құм салынған жәшіктерде стратификациялайды. Қоспаны күніне 2-3 рет араластырып тұрады. 12-15-ші күні өсіп-өне бастайды
2	Биік айлант	Дайындамайды	2-3 күн бойы суда жібітеді	
3	Бұталы аморфа	Дайындамайды	24 сағат бойы суда жібітеді	
4	Қара жемісті арония	Дайындамайды	Марганец қышқылды калий ерітіндісінде (0,5 %) 2 сағат бойы жібітеді, содан кейін 60 күн стратификациялайды	
5	Салпыншақ қайың (қотыр)	Ерте жазда себілсе алдын ала тұқымды жабысқақ күйге дейін жібітіп алады, күз аяғында және қыста себілсе, дайындамайды	Алдын ала ішінара жабысқақ күйге дейін жібітіп алады (2-3 тәулік) немесе құрғақ күйінде себеді	Алдын ала жібітілген тұқымды 2 тәулік бойы қарға аунатып алады. Қарға аунату ұзақтығы - 30 күн. Температурасы төмен (0°С-қа жуық) үй ішінде құм салынған жәшіктерде 30 күн бойы стратификациялайды және ТМТД-мен немесе фентиураммен дәрілейді. Тұқымды 6 сағат бойы 0,005 % күкірт қышқылды кобальт ерітіндісімен (COSO4) немесе (NH4)2 MoO4 0,001 % молибден ерітіндісімен өндейді. Марганец қышқылды калийдің 0,5 % ерітіндісімен 2 сағат дәрілейді
6	Түкті қайың	Талап етілмейді	Алдын ала 2 тәулік бойы жібітіп алады немесе құрғақ күйінде себеді	Қарға аунатып алады немесе төмен температурада (0°С-қа жуық) алдын ала жібітілген тұқымды құм салынған жәшіктерде 30 күн бойы стратификациялайды. Алдын ала жібітілген тұқымды брезентке үйіп, жабысқақ күйге дейін жеткізеді. ТМТД-мен немесе фентиураммен дәрілейді
7	Шығыс биотасы	Тәулік бойы жібітіп алады	Тәулік бойы жібітіп алады	
8	Кәдімгі қынаағаш	Қыркүйектен кешіктірмей себілсе дайындамайды; одан кеш себілсе 30 күн стратификациялайды	80-90 күн бойы 0-5°С температурада құм салынған жәшіктерде стратификациялайды	Тұқымды 50°С температурадағы суда 2 тәулік бойы жібітеді

9	Тікенді (кәдімгі) долана	Сеппейді	12-24 сағат бойы 45 % күкірт қышқылы ерітіндісінде жібітеді, жуып-шаяды және температурасы 20-25 ⁰ С үй-жайларда 180-240 күн стратификациялайды	
10	Алқызыл долана	Сеппейді	Жинап алғаннан кейін бірден 5-10 ⁰ С температурада 160-260 күн бойы үнемі ылғалдандыра және араластыра отырып стратификациялайды	
11	Бір аналық долана	Жинаған соң 1 жыл ішінде стратификациялайды және келесі күзде себеді. Стратификация алдында 3-4 күн жібітеді	Сеппейді	
12	Кәдімгі шиесі және дала шиесі	Жиналған сәттен бастап себуге дейін жаңа жиналған, кептірілмеген тұқымдарды жазғы траншеяларда немесе салқын үй ішінде стратификациялайды	Жинаған сәттен бастап 180 күн ішінде (дала шиесі үшін - 120-180 күн) үй-жайда немесе тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды	
13	Жылтыр шегірін	Жинағаннан кейін бірден құрғақ күйінде себеді немесе 2 сағат суда жібітеді, кептіріп алады		
14	Үш тікенекті (кәдімгі) карамала	Тұқымды жинаған сәттен бастап себуге дейін жазғы траншеяларда немесе құм салынған жәшіктерде стратификациялайды. Құрғақ тұқымды ерте көктемде себуге болады	Тұқымға қайнаған ыстық суда (90 ⁰ С) жидітеді, содан соң салқындаған суда 10 сағат қалдырады. Су мен тұқымның арақатынасы 3:1. Ісінбеген тұқымды қайта өңдейді.	Ыстық су құюды 2 сағат бойы күкірт қышқылының концентратымен өңдеумен алмастыруға болады
15	Кәдімгі алмұрт	Аязға 1,5 ай қалғанда себетін болса дайындамайды, одан кеш себетін болса жинаған сәттен бастап жазғы траншеяларда стратификациялайды	Алдын ала 2 тәулік бойы жібітілген тұқымды қыста тоңазымайтын траншеяларда немесе үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада стратификациялайды. Стратификация мерзімі - құмда 90 күн, шымтезек ұнтағында 75 күн	Стратификацияланбаған тұқымды гиббереллиннің 0,002% ерітіндісінде 3 тәулік бойы жібітеді, содан кейін дымқыл құммен араластырады. Тұқым 6-7 күннен кейін өсіп-өнеді. ТМТД-мен немесе фентеураммен дәрілейді
16	Ақ дерен алқызыл дерен (свидина)	Жинаудан себуге дейін бірден жазғы траншеяларда стратификациялайды. Жинаған соң дайындықсыз бірден себуге болады.	Үй-жайларда құм салынған жәшіктерде 180 күн бойы немесе жинаған соң бірден жазғы, содан кейін қысқы тоңазымайтын траншеяларда 240-270 күн бойы стратификациялайды	Тұқымды 15 күн бойы қарға аунатып алады, содан кейін оны үй-жайларда 90 күн бойы 5-6 ⁰ С температурада стратификациялайды
			Қыста траншеяларда немесе құм салынған жәшіктерде	

17	Өте әдемі емен	Дайындамайды	сақталған соң дайындықты қажет етпейді	
18	Кәдімгі шырша және сібір шыршасы	Дайындамайды	9-12 сағат суға жібітеді	Жібітілген тұқымды себу алдында 60-90 күн бойы қарға аунатып алады. Марганец қышқылды калийдің 0,5 % ерітіндісінде 2 сағат жібітеді. ТМТД-мен, фентиураммен, БМК-мен немесе фундазолмен дәрілейді. Мынадай микроэлементтердің су ерітінділерінде 12-18 сағат жібітеді: күкірт қышқылды кобальт (0,03 %), күкірт қышқылды мыс (0,03 %) немесе марганец қышқылды калийдің, бор қышқылының, күкірт қышқылды мыстың, мырыштың және кобальттің (0,002 %-тен) қоспасы
19	Шренк (тянь-шань) шыршасы	Сеппейді	Алдын ала бір тәулік суға жібітілген тұқым қарға аунатылады. Қарға аунату мерзімі 1-1,5 ай. Қарға аунатқаннан кейін 0,5% КМп04 ерітіндісінде 30 минут дәрілейді	Тұқымды температурасы 35-40 ⁰ С суға салып, 24 сағат ұстайды. Содан соң оны 0,5% КМп04 ерітіндісінде 30 минут дәрілеп, көлеңкеде сусымалы күйге дейін кептіреді және себеді.
20	Кәдімгі ұшқат	Дайындауды қажет етпейді	Қысқы тоңазымайтын траншеяларда немесе үй-жайларда 2-5 ⁰ С температурада 60-90 күн стратификациялайды	
21	Татар ұшқаты	Дайындауды қажет етпейді	Қысқы суық траншеяларда немесе үй-жайларда 2-5 ⁰ С температурада 50-60 күн ішінде стратификациялайды	Себу алдында шағын қаптарға салып 1,5 ай бойы қар үстіне қойып қояды немесе 5-8 ⁰ С температурада аптасына 2 рет ылғалдандыра және араластыра отырып, ағаш үгінділерінде стратификациялайды. 18-20 күннен кейін тұқым өнеді
22	Кәдімгі шәңгіш	Жаңа жиналған тұқымды жазғы траншеяларда стратификациялағанда өскіндер бір жылдан кейін пайда болады.	Жинаған соң алдымен жазғы, одан кейін қыста тоңазымайтын траншеяларда немесе алдымен үй-жайларда 15-18 ⁰ С температурада, содан соң қыста 5 ⁰ С дейін төмен температурада стратификациялайды	
23	Ағаш тәріздес қараған (сары қараған)	Дайындауды қажет етпейді	Бөлме температурасындағы суда 5 сағат жібітеді	45 күн бойы қарға аунатады немесе 0 ⁰ С мұзда 30 күн бойы ұстайды
				Сақтаудан кейін араластыра және ылғалдандыра отырып, жабысқақ

24	Кәдімгі ат талшын	Дайындауды қажет етпейді	Қысқы тоңазымайтын траншеяларда сақтау кезінде дайындайды	күйге дейін жылы жерде бірнеше күн ұстайды
25	Ақ үйеңкі	Ерте күзде себуді дайындықсыз жүргізеді, ал кеш себілетіндерін жиналған сәттен себуге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды	Алдымен үй-жайда 0-3 ⁰ С температурада 45 күн ішінде стратификациялайды, содан кейін 45 күн бойы қар астында ұстайды. Тұқымды 3 тәулік бойы жібітеді, содан соң алдымен 5-10 ⁰ С температурадағы үй-жайда 60 күн, одан кейін 0 ⁰ С-та 60 күн стратификациялайды	Қарда 45-60 күн стратификациялайды. Молибден аммонийдің 3% ерігіндісінде 24 сағат жібітеді, содан соң 8 күн бойы күніне 3 рет 4 минутқа жылы суға (35-38Т) және суық суға (0 ⁰ С) салады. ТМТД-мен немесе фентиураммен дәрілейді.
26	Сүйір жапырақты үйеңкі (платан тәрізді үйеңкі)	Ерте күзде себуді дайындықсыз жүргізеді, ал кеш себілетіндерін жиналған сәттен себуге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды	Үй-жайларда немесе қысқы тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды. Стратификациялау мерзімі 45-60 күн.	Қарда (қар араластыра отырып) 45-60 күн стратификациялайды. Тұқымға жылы (40 ⁰ С) су құйып, брезентпен жауып, 3 тәулік ұстайды. Содан кейін 30 ⁰ С жуық температурадағы үй-жайларда күн сайын араластыра және ылғалдандыра отырып, құм салынған жәшіктерде ұстайды. Тұқымдар 7-ші күні өнеді. ТМТД-мен немесе фентиураммен дәрілейді
27	Дала үйеңкісі	Жиналғаннан кейін жазғы траншеяларда себуге дейін кемінде 45 күн стратификациялайды	Жинағаннан кейін алдымен жазғы, содан кейін қысқы тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды, стратификациялау мерзімі 150-180 күн	Тұқымды 3 күн жібітеді және үй-жайларда алдымен 10-15 ⁰ С температурада 60 күн, содан кейін 0 ⁰ С температурада 30-60 күн стратификациялайды
28	Күміс үйеңкі	Сеппейді	Жинаған соң дайындықсыз бірден себіледі (мамырдың аяғы - маусымның басы)	Құрғақ ауа райында екпелерді суару міндетті
29	Татар үйеңкісі (қара үйеңкі)	Жиналғаннан себуге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды	Күзден бастап қысқы тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды	Тұқымды құм салынған жәшіктерде 0-3 ⁰ С температурада әрбір 2-3 күн сайын ылғалдандыра және араластыра отырып стратификациялайды. 30 күннен соң ылғалдандыруды тоқтатады, температураны 0 ⁰ С дейін төмендетеді. 2-ші күні тұқымды қайта ылғалдандырып, температураны 5 ⁰ С дейін көтереді. Бұдан кейін тұқым 18-20-шы күні өнеді. Дайындықтың жалпы ұзақтығы 50 күн
30	Шаған жапырақты үйеңкі	Дайындауды қажет етпейді	Үй-жай ішінде 30 күн стратификациялайды немесе 1 ай қар астында ұстайды	

31	Ірі жапырақты жөке	Тұқымды жиналғаннан бастап жазғы траншеяларда немесе құм салынған жәшіктерде 90 күн бойы стратификациялайды	Алдымен жазғы траншеяларда немесе үй-жайларда, ал содан кейін 0-5 ⁰ С температурада қысқы тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды. Стратификация ұзақтығы - 180 күнге дейін	
32	Ұсақ жапырақты жөке	Тұқымды жинағаннан соң себуге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды	Тұқымды жазғы, содан соң қысқы тоңазымайтын траншеяларда стратификациялайды	Тұқымды ауық-ауық ауыстырылып тұратын суда 10 күн жібітеді, содан соң 30 күн 15-25 ⁰ С температурада және 90-120 күн 0 ⁰ С температурада стратификациялайды
33	Сібір бал карағайы	Дайындауды қажет етпейді	9-12 сағат суда жібітеді және 1-1,5 ай қарға аунатады; КМn04 0,5% ерітіндісінде 30 минут дәрілейді	Тұқымды 3 тәулік марганец қышқылды калийдің 0,004 % ерітіндісінде +26 ⁰ С температурада жібітеді, содан кейін дәке дорбаларға салып, дымқыл ағаш үгінділерімен (1,5-2 см қабатпен) көмеді және 2 тәулік ұстайды. Тұқымды 24 сағат бром калийінің 0,5 % ерітіндісінде немесе 0,05 % колхицин ерітіндісінде жібітеді. Тұқымды себуге 30 сағат қалғанда әлсіз әк ерітіндісінде (10 литр суға 200-250 грамм әк) жібітеді.
34	Жіңішке жапырақты жиде	Ерте күзде сепкенде жинаудан кейін бірден дайындамайды; кеш себілсе жиналған кезден бастап сепкенге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды	Алдын ала 4 тәулік жібітілген тұқымды қысқы тоңазымайтын траншеяларда немесе 16-20 ⁰ С температурадағы үй-жайлар ішінде стратификациялайды. Стратификациялау ұзақтығы - 90-120 күн	Тұқымға ыстық су (50-60 ⁰ С) құяды және онда бір тәулік қалдырады. Содан кейін температурасы 16-20 ⁰ С үй-жайда құм салынған жәшіктерде стратификациялайды. 15-20-шы күні өне бастайды.
35	Кәдімгі бадам	Дайындауды қажет етпейді	Үй-жайларда немесе траншеяларда 30-60 күн стратификациялайды	
36	Виргиния аршасы	Топырақтың қатуына 1,5-2 ай қалғанда себілетін болса, дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 20-30 ⁰ С температурада 30 күн, 15 ⁰ С темпратурада 120 күн стратификациялайды	Тұқымды 30-50 минуттан артық емес күкірт қышқылы концентратымен өңдейді, сумен шаяды, содан кейін 0-5 ⁰ С температурада 90-120 күн стратификациялайды
37	Кәдімгі арша	Топырақтың қатуына 1,5-2 ай қалғанда себілетін болса, дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 20-30 ⁰ С температурада 30 күн, 15 ⁰ С температурада 120 күн стратификациялайды	
38		Жаңа жиналған, терең тыныштыққа кетпеген тұқымды дайындамай сол	Өткен жылғы терең тыныштықтағы тұқымды жазда	

	Түркістан аршасы	күйінде тамыз айы ішінде себеді	себуді шілдеде - тамыздың бас кезінде жүргізеді	
39	Жарты шар тәрізді арша	Бұл да қыркүйектің бірінші жартысында себіледі	Бұл да солай	
40	Шырғанақ	Топырақ қатпай тұрып 1 айдан кешіктірмей себілсе, дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада құм салынған жәшіктерде 90 күн стратификацияланады	3 тәулік суда жібітеді және үй-жайда 30 күн стратификациялайды
41	Грек жаңғағы	Дайындамайды	Үй-жайда құмда 0-5 ⁰ С температурада 30-45 күн ішінде стратификациялайды	Тұқымды көктемде себуге 5-7 күн қалғанда қапқа салынған күйінде тау өзенінің ағын суына малады
42	Кәдімгі шабдалы	Дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада 100 - 120 күн стратификациялайды	
43	Сібір самырсыны	Дайындауды қажет етпейді	Алдын ала жібітілген тұқымды 30 күн 0-5 ⁰ С температурада құм салынған жәшіктерде стратификациялайды	Алдын ала жібітілген тұқымды 30 күн ішінде қарға аунатады
44	Ақ караған (ақ акация)	Сеппейді	Тұқымды стратификациялайды немесе температурасы 80-85 ⁰ С су құйып, алғашқы 15-20 минут араластырып, суығанша қалдырады. Қажет болса ісінбеген тұқымдарды електен өткізіп алып, оларды өңдеуді қайталайды	
45	Итмұрын	Шала піскен жемістер тұқымын сепкенде дайындауды қажет етпейді	Шала піскен жемістер тұқымын үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада құм салынған жәшіктерде 210-240 күн стратификациялайды	
46	Кәдімгі шетен	Жинап алғаннан бастап сепкенге дейін жазғы траншеяларда немесе үй - ж а й д а стратификациялайды	Температурасы 0-5 ⁰ С үй-жайда дымқыл құмда 90-120 күн стратификациялайды, содан кейін қармен көмеді. Стратификацияның жалпы ұзақтығы - 150-180 күн	Стратификацияланбаған тұқымды гиббереллиннің 0,002% ерітіндісінде 3 тәулік жібітеді, содан кейін дымқыл құммен араластырады. 7 күннен кейін өнеді
47	Ақ сексеуіл және кара сексеуіл	Қыста сепкенде дайындауды қажет етпейді	Дайындауды қажет етпейді	
48	Кәдімгі мамыргүл	Дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада құм салынған жәшіктерде 45 күн стратификациялайды	10-15 сағат суда жібітеді, содан кейін дымқыл ағаш үгіндісінде немесе шымтезекте 2-8 күн ұстайды
49	Үй қара өрігі	Жазғы траншеяларда 90 күн стратификациялайды	Қысқы тоңазымайтын траншеяларда кемінде 150 күн стратификациялайды	
		Ерте жазда, тамызда себілетін болса, дайындауды қажет етпейді, кеш себілетін болса, жиналғаннан бастап себуге	Жинала салысымен үй-жайда 150-180 күн немесе қысқы	

50	Тікенді қараөрік (шомырт)	дейін (2 ай бойы) жазғы траншеяларда, өткен жылдың тұқымын - 80 күн стратификациялайды	тоңазымайтын траншеяларда 180-210 күн стратификациялайды	
51	Алхоры өрік (алша)	Жинала салысымен себуге дейін жазғы траншеяларда стратификациялайды. Өткен жылғы тұқымды 60-90 күн стратификациялайды	Жинала салысымен жазғы траншеяларда стратификациялайды, ал содан кейін қысқы тоңазымайтын траншеяларда 120-170 күн немесе температурасы 3-5 ⁰ С үй-жайда 150 күн стратификациялайды	
52	Қызыл күрең қарақат	Жазғы траншеяларда 45-60 күн стратификациялайды	Үй-жайда 90-120 күн стратификациялайды	Тұқымды бастапқы температурасы 50 ⁰ С суда 24 сағат жібітеді. Содан кейін 12-15 ⁰ С температурада күн сайын араластыра және ылғалдандыра отырып, 30 күн стратификациялайды. Ауыспалы температурада (жылы және суық) стратификациялағанда тұқымды 30 күн дайындайды.
53	Қара қарақат	Жазғы траншеяларда 45-60 күн стратификациялайды	Үй-жайда 90-120 күн стратификациялайды	
54	Сібір самырсын қарағайы	Дайындамайды, тек марганец қышқылды калийдің 0,5 % ерітіндісінде жібітеді	Тұқымды алдын ала 3 тәулік жібітеді, дымқыл құммен, ағаш үгіндісімен немесе шымтезек ұнтағымен араластырып, жәшіктермен қар астына немесе 0 ⁰ С салқын үй-жайға себуге дейін 2-3 ай қойып қояды. Қысқы тоңазымайтын траншеяларда сақтағанда да дайындалады	Құммен араластырылған (2:1) қалыңдығы 20 сантиметр жәшіктегі тұқымды, 50% дейін толық ылғал сіңіргенше сулайды және 30-40 ⁰ С температурада 12 сағат бүркептіргішке қояды, содан кейін қарға көмеді. Бұдан кейін қайта сулап, бүркептіргіштерге қояды, содан соң қар астына қояды. Екі мәрте өңдеуден өткен тұқымды 10-11 күн стратификациялайды. ТМТД немесе фентиураммен дәрілейді.
55	Қырым қарағайы	Себілмейді	Тұқымды 9-12 сағат суға жібітеді	
56	Кәдімгі қарағай	Дайындауды қажет етпейді	Тұқымды 9-12 сағат суда жібітеді. Дорбаларға салынған құрғақ немесе жібітілген тұқымды 1-2 ай қарға аунатады.	Тұқымды жібітеді, өнгенше ылғалды күйінде ұстайды және 1-2 айға қар астына шығарып қояды. Микориз түзетін майқұлақ саңырауқұлағының таза дақылымен тұқым микоризациясын жүргізеді. 24 сағат 0,02 % дейін күкірт қышқылды мырыш, күкірт қышқылды марганец (0,1 % және одан төмен), бор қышқылы (0,025%) және гетероауксин (0,01 % және одан төмен) ерітіндісінде

				жібітеді. Жілігі 22,5 килогерц және қуаты 15 ватт ультрадыбыспен 10 минут өңдейді
57	Ақ терек	Дайындауды қажет етпейді (жиналған соң бірден себіледі)		
58	Қара терек	Дайындауды қажет етпейді (жиналған соң бірден себіледі)		
59	Б а т ы с бозаршасы	Дайындауды қажет етпейді	Жібітілген тұқымды бір ай бойы қарға аунатады	
60	Нағыз пісте ағаш	Себілмейді	Тұқымды 12-15 сағат жылы суда (40 ⁰ С) жібітеді, содан кейін құм салынған жәшіктерде (1:3) немесе траншеяларда 30-40 күн стратификациялайды	Тұқымды 12-15 сағат жылы суда (40 ⁰ С) жібітеді, қаппен жылы жерге іліп қояды және өне бастағанша 9-12 күн ауық-ауық сулап тұрады
61	Кәдімгі мойыл	Дайындауды қажет етпейді	Үй-жайда 0-5 ⁰ С температурада 150 - 180 күн стратификациялайды	
62	Жабайы орман алмасы	Дайындауды қажет етпейді	Суда 2 тәулік жібітеді, содан кейін 0-5 ⁰ С температурада құмда, шымтезекте немесе ағаш үгіндісінде 75-105 күн стратификациялайды	Стратификацияланбаған тұқымды гиббереллиннің 0,002% ерітіндісінде 3 тәулік жібітеді, содан кейін дымқыл құммен араластырады. Тұқым 6-7-ші күні өнеді
63	Кәдімгі шаған	Онша толыспаған тұқымды жазғы траншеяларда маусым айынан бастап себуге дейін стратификациялайды	Үй-жайда алдымен 18-20 ⁰ С температурада 2-3 ай, содан кейін 5-11 ⁰ С температурада стратификациялайды. Стратификациялаудың жалпы ұзақтығы 180-200 күн (шала піскен тұқымдар)	

Е с к е р т п е :

1. Тұқымдарды себуге стратификациялау арнайы үй-жайларда, тоңазытқыштарда, жертөлелерде, ұраларда немесе траншеяларда жүргізіледі.
2. Тұқымды стратификациялауды себуге бір-екі күн қалғанда тоқтатады. Бұл ретте өнген тұқымдарды сусымалы күйге дейін кептіреді және егеді.

О р м а н д а р д ы м о л ы қ т ы р у м е н
о р м а н ө с і р у ү ш і н т ұ қ ы м д а р м е н
о т ы р ғ ы з у м а т е р и а л ы н п а й д а л а н у ,
о л а р д ы ң о р н ы н а у ы с т ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а
2-қосымша
нысан

Отырғызу материалына

№ ___ паспорт

« ___ » _____

20 __

Ж ы л

(тұқымбақ, орман иеленуші, орман пайдаланушы,

заңды почталық мекен жайы)

өсірген _____

(отырғызу материалының түрі: екпелер, көшеттер,

соның ішінде тамыр топырағымен, тұқымы)

1. Сапа көрсеткіштері

Партия нөмірі	Екпе көшеттердің (тікпе көшеттердің) стандарт талаптарына сәйкестігі	Жасы	Сорты	Мөлшері, дана

Қазылған уақыты _____ Буып-түю уақыты _____ Жөнелтілген уақыты _____

Пайдалану мақсаты _____
(дербес қажеттілік, өткізу, тасымалдау ауданы)

Өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органның берген құжаты

(отырғызу материалының карантинге жатқызылған ауданнан тыс жерге

орнын ауыстырған жағдайда толтырылады)

2. Тұқым материалының шығу тегі

Тұқым жиналған жер _____

(облыс, аудан, орман иеленуші, орман пайдаланушы,

орманшылық, орам)

Тұқымның кондициялығы туралы куәлік _____

(№, қашан және кім берген)

Тұқымның селекциялық санаты _____

(сортты, жақсартылған, қалыпты)

3. Өсіру шарттары

Өсіру тәсілі _____

(ашық жер, бақылау жасалатын орта жағдайлары)

Топырақ жағдайлары, қолданылатын субстрат _____

Тыңайтқыш шашу, басқа агротехникалық іс-шаралар _____

(атауы, дозасы, кезеңділігі, тағы басқа)

Зиянкестермен, өсімдіктер ауруларымен және арамшөптермен күресу
ж ө н і н д е г і і с - ш а р а л а р

(препараттың түрі, атауы, өңдеу мерзімі мен кезеңділігі)
Орман иеленуші, орман пайдаланушы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

М.О.

_____ тіркелді
(орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру

_____ және орман өсіру саласындағы аумақтық орган)

№ _____ « _____ » 20 ____ жыл

О р м а н д а р д ы м о л ы қ т ы р у м е н
о р м а н ө с і р у ү ш і н т ұ қ ы м д а р м е н
о т ы р ғ ы з у м а т е р и а л ы н п а ы д а л а н у ,
о л а р д ы ң о р н ы н а у ы с т ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а
3-қосымша

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін пайдаланатын екпе көшеттерге қойылатын талаптар

№	Тұқымдардың атауы	Жасы, жыл	Тамыр мойнындағы діңнің жуандығы, (кем емес), миллиметр
1.	Қылқан жапырақты тұқымдар:		
1.1.	Шырша, самырсын, арша	3-5	2,0
1.2.	Қарағай, қызылқарағай	2-3	2,5
2.	Жапырақты тұқымдар (бұталардан басқа)	1-3	3,5
3.	Бұталар	1-3	2,5

Е с к е р т п е :

1. Кестеде көрсетілген талаптар тамыр жүйесі ашық екпе көшеттерге қатысты.
2. Ағаштар мен бұталардың барлық тұқымдарының діңшесінің биіктігі 10 сантиметрден 60 сантиметрге дейінгі екпе көшеттері стандартты отырғызу материалы болып есептеледі. Бұл ретте стандартты отырғызу материалының тамыр жүйесінің ұ з ы н д ы ғы м ы н а д а й б о л а д ы :
 - 1) дала аймағында - 15-20 сантиметр;
 - 2) орманды дала аймағында - 20-30 сантиметр.
3. Ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру кезінде тегіс діңшелері, толық сүректенген өркен ұштары, тыныштық жағдайындағы әбден қалыптасқан бүршіктері, сондай-ақ шашақты тамырларының мөлшері жеткілікті жақсы тармақталған, сау тамыр жүйесі бар, екпелер мен көшеттер пайдаланылады.

4. Ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін пайдаланылатын екпелер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ұлттық стандарттарда көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидаларына 4-қосымша

Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін пайдаланылатын отырғызу материалына (көшеттерге) қойылатын талаптар

№	Тұқымдардың атауы	Орман өсетін аймақтар	Жасы, жыл	Сорт	Тамыр мойнындағы діңнің жуандығы (кем емес), миллиметр	Жердегі бөлігінің биіктігі (кем емес), сантиметр
1	2	3	4	5	6	7
1	Салпыншақ қайың (қотыр қайың) <i>Betula pendula</i> Roth (<i>B.veruco</i> Ehrh.)	барлық аймақ	3-4	1 2	8 5	5 0 35
2	Кәдімгі қынағаш <i>Ligustru vulgare</i> L.	таулы аудандар	2-3	1 2	9 6	8 0 60
3	Жербауырлы шегіршін (Түркістан қарағашы) <i>Ulmus pinnato-ramosa</i> Dieck.	орманды дала, дала	2-3	1 2	8 6	5 5 40
4	Кәдімгі алмұрт <i>Pirus communis</i> L.	барлық аймақ	2-3	1 2	7 5	4 5 30
5	Өте әдемі емен <i>Quercus robur</i> L.	барлық аймақ	3-4	1 2	9 6	4 5 30
6	Кәдімгі (еуропалық) шырша <i>Picea abies</i> (L.) Karst.	барлық аймақ	5-6	1 2	5 4	2 0 15
7	Сібір шыршасы <i>Picea obovata</i> Lebed.	орманды дала	5-6	1 2	6 4	3 0 20
8	Шренк шыршасы <i>Picea Schrenki</i> na Fischet Meg.	таулы аудандар	5-6	1 2	6 4	2 5 15
9	Ағаш тәріздес қараған (сары акация) <i>Caragana arborescens</i> Lam.	барлық аймақ	3-4	1 2	6 4	3 5 25
10	Еуропалық екпе талшыны <i>Castanea sativa</i> Mill.	барлық аймақ	2-3	1 2	1 5 10	6 0 45
11	Ақ үйеңкі <i>Acer pseudoplatans</i> L.	барлық аймақ	2-3	1 2	1 0 6	5 5 40
12	Сүйір жапырақты үйеңкі (платан тәрізді үйеңкі) <i>Acer platanoides</i> L.	барлық аймақ	3-4	1 2	8 6	3 5 25
13	Ат талшыны <i>Aesculus hippocastanum</i> L.	барлық аймақ	2-3	1 2	1 5 10	4 0 25

14	Ұсақ жапырақты немесе жүрек тәрізді ж ө к е Tilia cordata Mill.	барлық аймақ	3-4	1 2	9 5	5 30	0
15	Сібір балқарағайы Larix sibirica Ledeb.	орманды дала	3-4	1 2	9 5	4 25	0
16	Ш ы р ғ а н а қ Hippophae ramnoides L.	барлық аймақ	3-4	1 2	9 7	3 25	5
17	Г р е к жаңғағы Juglans regia L.	барлық аймақ	3-4	1 2	2 10	6 40	0
18	Сібір самырсыны Abies sibirica Ledeb.	таулы аудандар	6-8	1 2	6 4	2 15	5
19	Ш ы ғ ы с биотасы Biota orientalis Endl	барлық аймақ	4	1 2	1 7	6 40	0
20	А қ қ араған Robinia pseudoacacia L.	барлық аймақ	1-2	8 12	1 6	7 50	0
21	К ә д і м г і ш е т е н Sorbus aucuparica L.	барлық аймақ	3-4	1 2	9 7	3 25	5
22	Сібір самырсыны, қарағайы Pinus sibirica Du Tour	барлық аймақ	6-7	1 2	1 6	3 20	0
23	К ә д і м г і қ арағай Pinus silvestris L.	орманды дала	3-4	1 2	8 5	2 20	5
24	А қ (күміс) т е р е к Populus alba L.	орманды дала, дала	2-3	1 2	1 7	1 70	0 0
25	Қ а р а т е р е к Populus nigra L.	орманды дала, дала	2	1 2	7 6	8 60	0
26	О р м а н а л м а с ы Malus silvestris (L.) Mill.	барлық аймақ	2-3	1 2	8 6	4 30	5
27	К ә д і м г і шаған Flaxinus excelsio L.	барлық аймақ	3-4	1 2	9 7	3 25	5

Е с к е р т п е :

1. Аумағы жағынан орман өсетін аймақтарға, қосымша аймақтарға және табиғи өңірлерге кіретін әкімшілік аудандар:

1) Орманды дала аймағы:

Солтүстік Қазақстан облысы;

Қостанай облысының солтүстік аудандары;

Павлодар облысының солтүстік-шығыс аудандары.

2) Дала аймағы:

Қостанай облысы (солтүстік аудандардан басқа);

Павлодар облысы (солтүстік-шығыс аудандардан басқа);

Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстары (таулы аудандардан басқа);

Атырау және Ақтөбе облыстары;

Қарағанды облысының солтүстік бөлігі.

3) Таулы аудандар: Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары.

2. Бұталарды қоспағанда, діңшелері қосарланған және басты өркені тармақталған,

сондай-ақ әртүрлі зақымдары бар, соның ішінде зиянкестер және аурулармен залалданған бүлдірген отырғызу материалы стандартсыз материал болып есептеледі және ландшафтық-рекреациялық екіпелер құру кезінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

3. Ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін пайдаланылатын отырғызу материалы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ұлттық стандарттарда көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ